

ӘӨЖ 16.21.27

МРНТИ 16.21.27

DOI 10.56525/KMBL3829

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІК НЕГІЗДІ СӨЗЖАСАМДЫҚ МОДЕЛЬДЕРДІҢ ЛЕКСИКА – ГРММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Алдашев Н.М.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
e-mail: aldshev13@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілінде етістік негізді сөзжасамдық модельдер арқылы сөзжасамның мәнін, табиғатына үңілу арқылы қазақ тіліндегі тарихи сабақтастықты анықтау туралы сөз болады. Етістік негізді сөзжасамдық модельдердің ролі мен орны, құрылымы, семантикалық құрылымы мен тарихи - этимологиялық аспектілері мәселелері жан-жақты қарастырылады. Сөзжасамдық модельдердің теориясы туралы зерттелімдер әлемдік деңгейде лингвистикалық жаңа бағыт - бағдар мәселелері көтеріліп, заман талабына сай шешімін тауып, коммуникативті-прагматикалық маңызы жоғары бағалануда. Етістік негізді сөзжасамдық модельдер – шынайы тілдік болмыстың айнасы. Сөзжасамдық модельдері жаңа ғасырда теориялық - танымдық үрдісте зерттеудің қажеттігі заман талабына сай туындауда. Тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді күрделі ассоциативті-вербалды құрылым, болмысты рух пен ой бірлестігінде тараушы жүйе ретінде кешенді сипаттауға негізделеді. Мақалада етістік негізді сөзжасамдық модельдердің заттың нақты қасиеті номинативтік таңба арқылы белгіленеді де, оның түрлі қызметі, нақты ерекшеліктері соған негіз болады, яғни тіл – ойды жеткізудің тәсілі, шындық болмысты таңбалаудың құралы ретінде маңыздылығы жан-жақты талданады. Етістік негізді сөзжасамдық модельдердің дамуы қоғамның дамуымен бірге жүреді. Осымен байланысты тілдік жүйедегі болып жатқан сөзжасамдағы күрделі жасалымдардың мағынасы мен қызметін жан-жақты терең зерттеу – бүгінгі күннің талабынан, сұранысынан туындап отырғанын және білім беру сапасын арттырудың маңызды тетіктері ретінде көрсетіледі.

Жалпы, сөздің ішкі құрылымының типологиялық қызметі деген ұғымды былайша түсіндіруге болады: бір тілдің басқа тілдермен ортақ белгілері және ерекшеліктері, ұлттық ерекшеліктері уәждемелік аспектіде сол тілдің сөздік құрамын әртүрлі межелер бойынша басқа тілдермен салыстыру арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: сөзжасамдық модель, аффикс, лексика - грамматикалық сипат, етістік негіздері, типологиялық қызметі.

Кіріспе. Тілдің құрылым жүйесінде етістік негізді сөзжасамдық модельдердің алатын орны ерекше. Зерттеулерде етістік негізді сөзжасамдық модельдердің бірнеше белгілерін ұсынады. Бірақ солардың ішінде негізгілері атап айтқанда мыналар: етістік негізді сөзжасамдық модельдер және этнотаңбалық бірліктердің мағына тұтастығы (семантическая слитность), тіркес тиянақтылығы (устойчивость), қолдану тиянақтылығы (воспроизводимость). Сөзжасам тілдің атау (номинация) жасау қызметін жүзеге асырады. Сөзжасам тіл білімінің басқа салаларының ешқайсысы атқара алмайтын қызметті жүзеге асырады. [1][2]. Ол – сөзжасамның туыиды сөз, жаңа сөз жасау қызметін зерттейді сондықтан сөзжасам жаңа сөз жасаудың барлық мәселелеріп түгел камтиды. Оған сөзжасамдық этнобірліктерден бастап, сөзжасамдық ұя сияқты ірі, келелі сөзжасамдық бірліктерге дейін кіреді. сөзжасамдық нұсқалардың сөзжасамда атқаратын қызметі, жаңа сөздердің жасалу үлгілері мен мәселелері. сөзжасамдық нұсқалардың түрлері, ерекшеліктері, олардың құрылысы, оның мүшелері, сөзжасамдық ұяның құрамындағы мүшелердің қызметі, сияқты т.б. тек сөзжасамға катысты заңдылықтар сөзжасамды тілдің басқа

салаларынан ерекшелендіреді. Бұл мәселелердің қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер және этнотаңбалық бірліктердің ғана катысты бар.

Сөзжасамның дербес сала ретінде танылуы 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиялық еңбекпен тығыз байланысты. [3]. Еңбекте сөзжасам жүйесі синхронды аспектіде қарастырылып, сөзжасам жүйесінің жалпы теориялық мәселелері тұңғыш рет ғылым да анықталған болатын, соның ішінде модельдер мәселесінің қазіргі қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу нысаны болмаған тың тақырып екендігіне дәлел. Етістік негізді сөзжасамдық модельдер – қазақ тіліндегі сөзжасамның өзекті бір күрделі мүшесі. Оның өзіндік құрылымы етістік негізді сөзжасамдық модельдер мәселесі көтеріліп, ғылыми айналымға түскен. Етістік негізді сөзжасамдық модельдер оның мүшесі ретінде онда мәселесі де көтерілген. [**][**]. Қазіргі қазақ тіл білімінде сөзжасамдық модельдерге алғаш ғылыми анықтама берген профессор Н.О.Оралбаева.[23,24] Тарихи сөзжасамдық модельдерге берілген анықтамалар мен сипаттамалар А.Салқынбайдың, еңбегінде кездеседі.[5]

Бұл–сөзжасамдық етістік негізді сөзжасамдық, атқаратын қызметі, өзіндік белгілері бар екендігін көрсетеді. Етістік негізді сөзжасамдық модельдер сыр-сипаты ашылмай, тілдегі сөзжасам жүйесінің күрделі мәселесіне жататындығы жан – жақты айқындалмайды. Қазақ тіл білімінің мәселелеріне байланысты ғылыми еңбектерде, монографияларда, мақалаларда қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің жұмсалып аспектісі және аффикстермен функционалдық – құрылымдық байланысының мағыналық ерекшеліктері туралы пікірлері ескеріліп талданды. Соның бір дәлелі ретінде 2000 жылы «Астана» баспасынан жарық көрген «Қазақ грамматикасын» алуға болады.[6] Бұл мақалада ғылыми басылымның сөзжасам мен морфология бөлімдерінде етістік категориясына байланысты тұжырымдар, көзқарастар, пікірлер негіз етіп алынды. Сол сияқты қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер мағыналық ерекшеліктерінің сөзжасам мен морфологияға катысты концепциялары қазіргі ғылыми таным тұрғысынан жан-жақты, жүйелі түрде қарастырылып, арнайы зерттеу объектісі ретінде қарастырылды. Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер және этнотаңбалық бірліктердің мәселесі, оның категориялық ерекшеліктері, грамматикалық сипатары айқындайды, әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

Бұл мақалада біз қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер және этнотаңбалық бірліктердің жұмсалып аспектісі және аффикстермен функционалдық–құрылымдық байланысының мағыналық ерекшеліктері қазақ тіл білімінің дамуында қандай болды, ұстанған концепциялары қай мектеп өкілдерінің тұжырымдарымен үндес келеді деген мәселе төңірегінде ізденгенімізде жалпы тіл білімі, қазақ тіл біліміндегі сөзжасам мен морфология саласы бойынша орнықты пікірлер, ғылымның қазіргі кездегі қол жеткен биігінен күні бүгінге дейін маңызын жоймаған жүйесін зерттеуді мақсат еттік. Профессор Қалиұлы: «Тіл білімінде тілдік қатынастардың негізінен екі типі ажыратылып жүр. Олардың бірі - парадигмалық, екіншісі - синтагматикалық қатынас ... Ал синтагматикалық қатынас дегеніміз - тілдік бірліктер арасында сөйлеу кезінде болатын көлбеу бағыттағы қатынас. Бұл қатынастар біріне-бірі қарсы қойылатындықтан олар бір-біріне перпендикуляр түсірілген екі түзу сызық арқылы белгіленеді де көлденең сызық (->) - синтагматика, тік сызық (I) - парадигматика деп ұғынылады», - деп көрсетеді. Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің синтагматикалық байланыс өте тұрақты. Осы ерекшелігі арқылы синтаксистегі синтагма ұғымынан сөзжасамдық синтагма ажыратылады жасау жолдары талданды, сонымен қатар, туынды сөздер жасалғаннан бастап, сөздік құрамға кіріп, тілде қызмет етеді, құрамын сақтайды, оның құрамы өзгеруі де тілде кездеседі, бірақ ол ұзақ уақыттың ішінде болуы мүмкін, сондықтан ол тарихи құбылысқа жататын жүйесін жетілдіру жолдары қарастырылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер арқылы тілдің сөздік қорының баюы мен молаюы күрделі болып келеді.

Семантикалық даму бойынша сөз дыбыстық, морфемдік құрамын өзгертпей-ақ бірте-бірте өзіне жаңа мағыналарды қосып отырады.

Соның нәтижесінде тілде бір сөз бірнеше лексикалық мағына білдіреді, тілдегі қызметі артады. Семантикалық даму арқылы сөз саны көбеймегенімен, сөздердің мағыналық мүмкіндігі әлдеқайда өседі. Ғалымдар етістікке қатысты арнайы зерттеулер жүргізіп, монографиялар жариялаған, етістікті әрі сөз табы ретінде, әрі мағыналық сипатын қоса талдаған зерттеулерден А.Қалыбаева (Хасенова), [11] Ы.Е.Маманов, А.Ысқақов, Н.Оралбаева еңбектерін ерекше атаған жөн. А.Хасенова «Қазақ тілі грамматикасында» түбір етістік дейтін межеге сыйдыруға келетін сөздерді іс-әрекет, амал, қалып процесінің динамикасын білдіруі жағынан қарастырып, оларды бірнеше лексика-семантикалық топтарға бөлуге болатынын атап көрсетеді. [11]

Профессор М.Оразов «Семантика казахского глагола» тақырыбында жазылған докторлық диссертациясында етістіктің 12 лексика-семантикалық тобын көрсетеді. Ғалым етістіктерді мағыналық топтарға бөлуде сөйлесу етістіктерін семантикалық жағынан бөлгенімен, морфологиялық белгілерін де негізге алып отырған. [4.6] А.Ысқақов оқулығында етістіктер лексика-семантикалық топтарға жіктелгенімен, оларды бөлудің ғылыми принциптері көрсетілмеген. [2] Ы.Мамановтың етістіктерді басты ерекшеліктері жағынан бірнеше топқа бөлуінде басқа ғалымдармен салыстырғанда алшақтықтар бар. [5] Ғалым түбір етістіктерді семантикалық топтастырудағы ұстанған принципі З.Ахметжанованың функционалды грамматика теориясына байланысты теорияларымен сәйкес келеді. [26] Әсіресе, ғалымның «негізгі түбір етістіктерді семантикалық жақтан мағыналық топтарға жіктеуге келмейді, морфологиялық және синтаксистік тәсілдерінің белсенді қатысуының арқасында ғана түбір етістіктерді мағынасына қарай бөлуге болады» деген тұжырымы қазіргі функционалды семантиканың негізгі принципі. Профессор Ы.Маманов қазақ тілінде етістікті лексика-семантикалық топтарға жіктеп көрсеткен ғалымдардың бірі. [6]

Қазіргі кезде етістіктің жекелеген лексика-семантикалық тобы арнайы зерттелуде. Қазіргі заман тіл білімі – кең салалы, көп тармақты ілім. Оның құрамында әртүрлі лингвистикалық бағыттар, мектептер, зерттеудің әртүрлі әдіс - тәсілдері бар және сипатын, бүгінгі күйін жеке бір мектеп, немесе зерттеудің жеке бір әдіс - тәсілі көрсете алмайды. Сол бағыттарды бірлікте алып қараған жағдайда ғана тіл білімінің қазіргі күйін, сипатын толық түсінуге болады. Осыған орай, қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің мағыналық ерекшеліктері – тіл ғылым үшін, оның болашағы үшін аса маңызды қажеттілік. Бұл – етістіктің сөзжасамы етістік негізді сөзжасамдық модельдер мәселесінің қазіргі қазақ тіл білімінде тың тақырып екендігіне дәлел.

Етістік негізді сөзжасамдық модельдер – қазақ тіліндегі сөзжасамның өзекті бір күрделі мүшесі. Оның өзіндік құрылымы, атқаратын қызметі, өзіндік белгілері бар. Етістік негізді сөзжасамдық модельдер сыр-сипаты ашылмай, тілдегі сөзжасам жүйесінің күрделі мәселесіне жататындығы жан-жақты айқындалмайды. Осымен байланысты қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер жұмсалудың аспектісі және аффикстермен функционалды-құрылымдық байланысының мағыналық ерекшеліктері қазақ тіл білімінің дамуында қандай болды, ұстанған концепциялары қай мектеп өкілдерінің тұжырымдарымен үндес келеді деген мәселе төңірегінде ізденгенімізде жалпы тіл білімі, қазақ тіл біліміндегі сөзжасам мен морфология саласы бойынша орнықты пікірлер, ғылымның қазіргі кездегі қол жеткен биігінен күні бүгінге дейін маңызын жоймағаны байқалады.

Қорытынды. Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің өзіндік ерекшелігі оның қандай мәдени ортада қалыптасқанына байланысты екенін қазақ тілінің сабақтастықта зерттелуі көрсетіп отыр. Сөзжасамдық модельдердің қалыптасуына қатысты даму үстіндегі ашық коммуникативтік тілдік бірлік екенін дәлелдейді.

Зерттеу барысында қазіргі кезеңде қарқындап дамып келе жатқан лингвистика аясында зерттеліп отырған қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің тек тілдік тұрғыдан қарастыру жеткіліксіз болып саналады, себебі онда ұлттың, халықтың ұжымдық тәжірибесі, танымы, қоғамдағы адамдардың бір-бірімен байланысы, шаруашылығы, рухани,

материалдық мәдениеті т.б. ментальді-когнитивтік түрде таңбаланған және когнитивтік санамен тығыз байланысты, дүниенің тілдік бейнесін құрайтын концептілер объективтендірілу мен вербалданудың тілдік құралы болып келеді. Мысалы, қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдерге байланысты толып жатқан атаулар бар. Әдетте сөйлеу кезінде жасалмайтын, «даяр» күйде қолданылатын, тұлғасы (формасы) жағынан сөз тіркесі немесе сөйлемге, мазмұн жағынан дара сөзге ұқсас тиянақты тілдік бірліктердің қатарына жатады. Сондай-ақ олар сөзжасамдық модельдердің мағынасынан басқа мәдени ұлттық мазмұнға, өзге тілдік бірліктерге қарағанда, аса бай болады. Мағыналық әрі тұлғалық құрылым - құрылысы тұрақты, даяр күйде болуына қарамастан қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің сөзжасамда әр түрлі семантикалық, тұлғалық жақтан өзгеріске ұшырап, жаңғырып отырған. Сөзжасамдық модельдердің өздеріне тән дәстүрлі, қалыптасқан нормалары бар.

Қазіргі заман тіл білімі – дамудың биік шыңына көтеріліп келе жатқан кең салалы, көп тармақты ілім. Осыған орай қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің зерттелуі, мағыналық ерекшеліктері – тіл ғылымы үшін, оның болашағы үшін аса маңызды қажеттілік.

Қорытындылай келе, етістік негізді сөзжасамдық модельдер грамматикалық сипаты мен ерекшелігі ең қарапайым модель классификацияға көп бағына бермейтін сөз конгломератын жинақтайтын болса, күрделі модельдер семантикалық белгісінің жалпылығы бойынша сөздерді топтастыруға және белгілі бір лексика-семантикалық кластарды топтастыруға мүмкіндік береді. Сөзжасамдық модельдер ерекшелігінің бір белгісі, семантикасы жалпыланған болғанымен, туынды сөздердің мағыналары модель арқасында нақты түсініледі. Етістік негізді сөзжасамдық модельдердің грамматикалық сипаты мен ерекшелігіндегі бұл типтендірілген модельдер жаңа лексикалық бірліктердің пайда болуына мүмкіндік береді, дұрыстылығын тексеруге ыңғайлы екенін көреміз және қалыптасуына негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ грамматикасы., Астана 2002.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі., Алматы, 1991.
3. Қазақ тілінің грамматикасы., Алматы, 1967.
4. Оразов М. Семантика казахского глагола. автореф. док. дисс. 1983
5. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі., Алматы, 1966.
6. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктер., Алматы, 1973
7. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2006.
8. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002.
9. Отарбеков Ж. Сөзжасам мәселелері және түркологияда зерттелуі. «Ізденіс» журналы, 1996, №1, 5-11 б.
10. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар., Алматы, 1992.
11. Қалыбаева – Хасенова А. Етістіктің лексика – грамматикалық сипаты Алматы, 1971
12. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері II Тілтаным, Алматы. - 2001. - № 4. - 39-43 б.
13. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атауларының танымдық негіздері. Алматы, «Жібек жолы» 2008.
14. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1982.
15. Сағындықұлы Б. Қазақ лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, «Арыс» 2007.
16. Манкеева Ж. А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. Алматы, 2010.
17. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. Алматы, 2012
18. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ, тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары.

Алматы, 1975

20. Қалиев Ғ. Сөз тудыру - жеке сала //Қазақстан мектебі. 1984, №6. - 57-60.
21. Қалыбаева – Хасенова А. Етістіктің лексика – грамматикалық сипаты Алматы, 1971
22. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі //Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1984, №3. - 31-36-б.
23. Жанпейісов К, Нұрханов С. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері //Қазақ ССР ҒА Хабар. Тіл, әдебиет сериясы. 1985, №4.- 49-50
24. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. (Семантикалық аспект) - Алматы Қазақ университеті, 1999. - 309 б
25. Бейсембаева З. Сөзжасамды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (көмекші құрал). - Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. - 220 б.
26. Ахметжанова З.К. Сопастивительное исследование лексики тюркских (казахского, киргизского, узбекского) и русского языков. автореф. дисс. канд.филолог.наук,Алматы,1981..
27. Алдашев Н.М. Профессор Қ.Жұбанов және сөзжасам жұрнақтары. ҚР Білім және ғылым министрлігі. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты.Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Ұлы дала тұлғалары:Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы»Алматы 2019,71-73 б.
28. Есімсейтов К.Сөзжасамдық тізбек – сөзжасамдық ұяның күрделі құрылымдық бірлігі. «Мәдениетаралық коммуникация және аударманың көкейкесті мәселелері» Халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның материалдары, Алматы, 2001,163 - 165 б.

СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ МОДЕЛИ ГЛАГОЛЬНЫХ ОСНОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Алдашев Н.М.

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г.Актобе,Казахстан
e-mail: aldshev13@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассмотрены вопросы проблемы словообразовательные модели глагольных основ в казахском языке. Объектом исследования в статье стали словообразовательные модели глагольных основ в казахском языке. В казахском языкознании словообразовательные модели глагольных основ не в полной мере были объектом специального научного исследования, дано систематическое описание проблемы словообразовательные модели глагольных основ в казахском языке.В статье проанализирована особенности, функция, место и роль словообразовательные модели глагольных основ в казахском языке и наименование традиционной рассмотрены в контексте. В данной статье широко рассматриваются вопросы развития состав словообразовательные модели глагольных основ в казахском языке, озглавляемых корневыми глаголами движения, определены часторечная организация произведена обработка и проанализированы инварианты в системе названий. В статье рассматриваются результаты исследования словообразовательные модели глагольных основ в казахском языке и подчеркивается важность состоит в том, что материалы могут быть использованы при чтении лекции и семинаров проведение спецкурсов по языкознанию современного казахского языка в высших учебных заведениях. В статье представлен обзор исследования словообразовательные модели глагольных основ в казахском языке и в общем языкознаниях. Здесь же дается полное описание словообразовательные модели глагольных основ в казахском языке, и некоторых проблем словообразовательные модели глагольных основ, определяются их структура, выявляются порядок расположения членов словообразовательные модели глагольных основ в казахском языке, место и роль словообразовательные модели глагольных основ, Данный анализ словообразовательные модели глагольных основ в

казахском языке некоторые проблемы словообразовательные модели глагольных основ и проведен лексико - семантический анализ дано описание моделей. В заключении сделаны основные выводы по результатам исследования.

Ключевые слова: словообразовательные модели глагольных основ аффикс, лексика- грамматическое описание, основы глагола,

WORD-FORMATION MODELS OF VERB BASES IN THE KAZAKH LANGUAGE

Aldashev N.M.

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan
e-mail: aldshev13@mail.ru

Abstract. This article examines the problem of word-formation models of verb bases in the Kazakh language. The object of the study is the system of word-formation models of verb bases in Kazakh. In Kazakh linguistics, word-formation models of verb bases have not been fully addressed as an independent subject of research. A systematic description of this issue is provided. The article analyzes the features, functions, place, and role of word-formation models of verb bases in the Kazakh language, considering them in a traditional linguistic context. The development and structure of word-formation models based on root motion verbs are discussed, their part-of-speech organization is identified, and the invariants within the system of names are analyzed. The research results highlight that the materials may be used for lectures, seminars, and special courses in the field of modern Kazakh linguistics at higher educational institutions. The article presents a comprehensive overview of word-formation models of verb bases both in Kazakh linguistics and in general linguistic studies. It describes in detail the structure of word-formation models of verb bases in the Kazakh language, outlines certain related issues, and identifies the order and organization of their components. A lexical-semantic analysis is also carried out, and the models are described. In conclusion, the main findings of the study are summarized.

Keywords: word-formation models of verb bases, affix, lexico-grammatical description, verb stems.